Қазақстандағы жас отбасылардың өзекті мәселелерінің рейтингі жалпы халық белгілейтін өзекті мәселелердің рейтингін қайталайды. Басқаша айтқанда, жас отбасылар да қаржылық мәселелерді бастан кешіруде (22%), соның ішінде несиелердің болуына байланысты (7,8%), көбісінде өз баспанасы жоқ (16,2%), жұмысқа орналасудағы қиындықтарды да бастан кешіруде (13,2%). Респонденттердің тағы 7,6% мемлекет тарапынан қолдаудың болмауы сияқты мәселені өзектендіреді (19-кесте).

19-кесте. «Егер Сіз некеде тұрсаңыз, Сіздің жас отбасыңызда қандай мәселелер жиі туындайды?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі

	%
Қаржылық мәселелер	22,0
Өз баспанасының болмауы	16,2
Жұмыссыздық	13,2
Несиенің болуы	7,8
Мемлекет тарапынан қолдаудың болмауы	7,6
Ата-аналардың жас отбасына араласуы	5,3
Жұмыстың оқумен ұштасуы	4,6

Жастардың жауапты шешімдер қабылдауға дайын болмауы	4,1
Бос уақыт мәселесі	3,4
Түсініспеушілік, психологиялық мәселелер	3,0
Балалардың болмауы	2,5
Зиянды әдеттер	1,1
Деструктивті діншілдік	0,3
Некеге тұрмағанмын	57,7

Қазақстандағы жас отбасылардың өзекті мәселелері туралы мәселеге қосымша ретінде, әрбір үшінші респондент мемлекеттің жас отбасыларға қолдау көрсететінін (29,2%) сезбейтінін атап өтуге болады. Бұл сұрақтың қарама-қарсы ұстанымын респонденттердің 13,2% білдірді, олар мемлекеттің жас отбасыларына түрлі жеңілдіктер, бағдарламалар және т.б. түрінде әртүрлі тәсілдермен қамқорлық көрсететінін атап өтті (26-диаграмма).

26-диаграмма. «Мемлекет Сіздің жас отбасыңызға түрлі жеңілдіктер, бағдарламалар және т. б. түрінде әлеуметтік қорғау мен қолдау көрсететінін сезінесіз бе?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі



Соңында респонденттер: «Сіз қалай ойлайсыз, жоспарланбаған жүктіліктің алдын алу үшін контрацепцияны пайдалану үшін кім жауапкершілікті өзіне алуға тиіс?» сұрағына жауап берді. Зерттеу нәтижелері мынаны көрсетеді: әрбір екінші респондент контрацепцияны пайдалану жауапкершілігі ер адамда де, әйелде де (54,6%) жатыр деп санайды. Әйелдердің осы мәселедегі жауапкершілігі туралы 6,6% айтты, ал басқа 9,6% респонденттер контрацепцияны пайдалану жөніндегі шешімдегі ер адамдардың айрықша жауапкершілігін атап көрсетті (20-кесте).

20-кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, жоспарланбаған жүктіліктің алдын алу үшін контрацепцияны пайдалану үшін кім жауапкершілікті өзіне алуға тиіс?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
Контрацепцияны пайдалану туралы шешімді әйел қабылдауы тиіс	6,6
Контрацепцияны пайдалану туралы шешімді ер адам қабылдауы тиіс	9,6
Контрацепцияны пайдалану үшін жауапкершілік ер адамға да, әйелге де жүктеледі	54,6
Мен контрацепцияны қолдануға қарсымын	6,1
Діни себептер бойынша контрацепция қолдануға жол бермеймін	2,8
Жауап беруге қиналамын	20,3

4.3 Сыбайлас жемқорлық жастардың көзімен

Сыбайлас жемқорлық - саяси, экономикалық және рухани жаңару үшін негізгі кедергі болып табылады. Ол елдің ұлттық қауіпсіздігіне қарсы нақты қауіп-қатерге, кез келген өзгерістер жолындағы басты тежеуішке айналды. Жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға тарту сыбайлас жемқорлықты ұстап қалу үшін маңызды мәнге ие. Жастар халықтың едәуір бөлігін құрайды және әдетте, әлеуметтік өзгерістер мен саяси трансформациялар үшін неғұрлым ашық, өйткені олар статус-квоны сақтауға қызығушылық танытуы мүмкін.

Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес, сыбайлас жемқорлық мәселесіне арналған бірнеше сұрақтар, ел жастарының негізгі бөлігі соңғы айда сыбайлас жемқорлық көріністеріне тап болған жоқтығын көрсетеді (75,2%). Соңғы айдың ішінде осындай тәжірибесі болған адамдардың үлесі 6,5% құрайды. (27-диаграмма).

27-диаграмма. «Сіз соңғы ай ішінде сыбайлас жемқорлықпен бетпе-бет келдіңіз бе (қандай да бір қызмет үшін сыйақы берілді ме)?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі



Жастардың жауаптарына сәйкес, қазақстандық қоғамдағы сыбайлас жемқорлық саласы білім беру, бала бақшаларды қоса алғанда (18,1%), денсаулық сақтау (17,7%) және құқық қорғау органдары (9,8%) болып табылады (21-кесте).

21-кесте. «Сіз соңғы айда қандай да бір қызмет көрсеткені үшін сыйақы (пара) бердіңіз бе?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
Бала-бақшалармен қоса алғанда, білім беру саласы	18,1
Медициналық қызмет	17,7
Құқық қорғау органдары, оның ішінде жол полициясы	9,8
Жұмысқа орналасу	7,6
Мемлекеттік органдар	5,0
Жауап беруге қиналамын	41,8

Респонденттер берген сыйақының орташа мөлшері негізінен «1000 теңгеден кем» (9,8%) және «1001 – 5000 теңге» (9,8%) сияқты көрсеткіштер арасында өзгереді. 10000 теңгеге дейін сыйақыны респонденттердің 5,2% берген. Қалғандары сыбайлас жемқорлық схемаларына қатыспаған (33,5%) немесе жауап беруге қиналғанын (37,3%) атап өтті (22-кесте).

22-кесте. «Сіз берген орташа сыйақы мөлшері қандай?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі

	%
1000 теңгеден кем	9,8
1001-5000 теңге	9,8
5001-10 000 теңге	5,2
10 001-50 000 теңге	2,1
50 001-100 000 теңге	1,1
Свыше 100 000 теңге	1,2
Сыйақы беріп көрмедім	33,5
Жауап беруге қиналамын	37,3

Қазіргі әлемде толеранттылық қоғамның әлеуметтік нормасы болып табылады. Алайда, сарапшылардың сөзі бойынша, қазіргі жастар толерантты емес, бұл қарым-қатынасты коммерциализациялауға, бұрынғы идеалдар мен құндылықтарды жоғалтуға, жаһандануға және

т. б. байланысты болуы мүмкін. Сондықтан осы сауалнама барысында біз мынадай сұраққа жауап беруді шештік: «Қазіргі жастардың бойында ұлтына, әлеуметтік, діни, тілдік қатыстылығына, жыныстық бағдарына қарамастан, басқа адамдармен өзара қарым-қатынас жасауға әзірлігі қаншалықты дамыған?». Сауалнама нәтижесі бойынша, қазақстандық жастарға этникалық толеранттылық («мүлдем жоқ» жауап нұсқасын респонденттердің 11,3% таңдады) және оралмандарға қатысты төзімділік (11,8%) тән. Жастар аз дәрежеде некеде ресми тіркеусіз бірге тұратын адамдарға (13,8%), көшіп келушілерге (14,1%), басқа дін өкілдеріне (14,1%) қатысты шыдамды болып табылады. Қазіргі Қазақстанның жастары ең аз түрде дәстүрлі емес жыныстық бағдарлы адамдармен көршілес тұруға және, шамасы, тығыз өзара қарым-қатынас жасауға дайын емес болып табылады (респонденттердің жартысынан көбі) (23-кесте).

23-кесте. «Біздің қоғамда түрлі адамдар бар. Төменде адамдардың түрлі топтары көрсетілген. Қандай адаммен көршілес БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛМЕЙТІНІН атап өтіңіз» сұрағына жауаптардың үлестірілуі

	Мүлдем жоқ	Жоқ, бірақ кейбір ерекшеліктерімен	Маған бәрібір	Жауап беруге киналамын
1. Басқа этникалық топтың адамдары (ұлты)	11,3	9,7	73,1	5,8
2. Иммигранттар және шетелдік жұмысшылар	14,1	14,9	63,8	7,1
3. Басқа діннің (діни сенімнің) адамдары	14,1	8,7	70,3	6,9
4. АХАТ-тағы некенің ресми тіркеуінсіз бірге тұратын адамдар	13,8	8,8	70,1	7,3
5. Бейтаныс тілде сөйлесетін адамдар	17,1	15	60	7,9
6. Оралмандар	11,8	14,3	66,1	7,7
7. Дәстүрлі емес жыныстық бағдарлы адамдар	50,8	9,7	29,2	10,4

4.4 Жастар ортасындағы патриотизм

Қазіргі қоғамның маңызды құндылықтарының бірі патриотизм болып табылады, ол тек Отанға деген сүйіспеншілік, өз елін мақтан тұту, оны білуге және түсінуге, жақсы етуге ұмтылу ғана емес, сонымен қатар өз мемлекеті үшін қызметке дайындық ретінде түсініледі.

Осы зерттеу шеңберінде жастардың санасындағы патриоттық деңгейі өз елі үшін мақтаныш сезімінің болуына, жастардың патриотизм ұғымына қосқан маңызы және т.б. қатысты бірқатар сұрақтар арқылы зерделенді.


«Қазақстанның патриоты болу» ұғымының түсіндірілуіне қатысты жастардың жауаптарын талдау жас азаматтардың 1/3 үлесі патриотизмді елдің ұлы жетістіктері үшін мақтаныш сезімі ретінде түсінетінін көрсетті (31,8%). Жастар арасында кеңінен таралған Отанға, оның ішінде туған қаласына, ауылына деген сүйіспеншілік сияқты екінші (28,6%) қазақстандық патриотизмнің түсіндірмесі патриотизмнің басқа да түсіндірмелерімен біріктіруді жоққа шығармайды. 24,3% қазақстандық патриотизмді мемлекет заңдарын сақтаумен байланыстырады (24-кесте).

24-кесте. «Сіздің ойыңызша, Қазақстанның патриоты болу нені білдіреді?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
Елдің ұлы жетістіктеріне деген мақтаныш	31,8
Отанға, оның ішінде туған қала, ауылға деген сүйіспеншілік	28,6
Мемлекеттің заңдарын сақтау, әділ салық төлеуші болу	24,3
Аса қажетті жағдайда қолға қару алып, мемлекетті қорғау	18,0
Отанның игілігі үшін жұмыс жасау	14,1
Мемлекеттің ұлы болашағына сену	10,8
Шет елге шыққан уақытта Қазақстан туралы мақтанышпен айту	8,2
Қазақша тілді, Қазақстанның дәстүрлері мен тарихын білу	7,7
Мемлекеттің басқа азаматтарымен бейбіт өмір сүру	6,9
Елдегі болып жатқан жағдайларға жауапкершілікпен қарау	5,4
Әскери қызметтен өту	4,3
Отандық өнімдерді сатып алу (азық түлік, киім және т.б.)	2,9
Отаннан алшақ болған кезде оны еске алып тұру	2,5


Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан жастардың 92% өздерін патриот деп санайды (53,1% – толық көлемде, 38,9% - иә деуге болады). Кері жауапты респонденттердің 8,1% берді (28-диаграмма).

28-диаграмма. «Сіз өзіңізді патриот деп санайсыз ба?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі



Бұл ретте Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне қатысты жастар негізінен мақтаныш (25,9%), сенім (22,4%) және құрмет (24,3%) сияқты оң сезімдерді сезінеді. Отандық әскерге қатысты теріс эмоциялардың үлес салмағы 8% құрады («сенімсіздік», «көңілдің қалуы», «қорқыныш») (29-диаграмма).

29-диаграмма. «Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне (әскер) қатысты қандай сезім сезінесіз?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі



«Жастар арасында патриотизм деңгейін арттыруға қандай шаралар ықпал ете алады?» сұрағы бойынша жастардың жауаптарына сәйкес мұндай шаралар Қазақстан халқының тарихын, салт-дәстүрлерін және әдет-ғұрыптарын зерделеу (18,1%), мектептерде алғашқы әскери дайындық бойынша пән ұйымдастыру (14,8%), жазғы демалыс кезеңінде оқушыларға арналған әскери-патриоттық лагерьлерді ұйымдастыру (10,5%), тұрақты спорттық жарыстар, конкурстар, олимпиадалар өткізу (10,1%) және т.б. болуы мүмкін (25-кесте).

25-кесте. «Жастардың патриот болуы үшін қандай шаралар қолдану керек?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %


	%
Қазақстан халқының тарихын, салт-дәстүрлерін және әдет-ғұрыптарын зерделеу	18,1
Мектептерде алғашқы әскери дайындық бойынша пән ұйымдастыру	14,8
Жазғы демалыс кезеңінде оқушыларға арналған әскери-патриоттық лагерьлерді ұйымдастыру	10,5
Тұрақты спорттық жарыстар, конкурстар, олимпиадалар өткізу	10,1
Мемлекеттік тілді үйрену	8,1
Ұлттық батырлар туралы қазақ тілінде мультфильмдер, балалар бағдарламаларын жасау	8,0
Тұрғылықты жері бойынша балалар-жасөспірімдер клубтарының жұмысын дамыту	7,9
Балалар мен жастарға әдебиетті мемлекеттік тілде оқу	6,5
Жастар қатарына әскерді міндеттеу	6,2
Бала-бақшаларда әнұранды үйрету	2,5
Жауап беруге қиналамын	7,3

V БӨЛІМ. «ЖАСТАРҒА МЕЙІРІМДІ МЕКЕН» ИНДЕКСІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

5.1 Қазақстандағы білім беру саясатын бағалау

Бұл бөлімде «Жастарға мейірімді мекен» индексіне арналған сұрақтар қарастырылады. Бастапқыда жастар тұрғысынан Қазақстандағы білім беру саясатын бағалауға қатысты зерттеу нәтижелерін қарастырамыз. Сонымен, респонденттердің 86,2% қазір алып жатқан немесе алған білім сапасына қанағаттанғанын көрсетті. Жастар арасындағы білім сапасына қанағаттанбау көрсеткіші 10,2% құрады (30-диаграмма).

30-диаграмма. «Сіз қазір алып жатқан немесе алған білімнің сапасына қанағаттанасыз ба?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі



Қазақстанда білім берудің басты артықшылығы тегін мектеп білімі болып табылады, бұл ретте респонденттердің 61,4% ойы ортақ. Әрбір үшінші респондент Қазақстандағы мектеп оқулықтарын үнемі жаңарту есебінен білім беру жүйесін мақтан етуге болатынын (28,9%) атап өтті. Кабинеттердің техникалық жабдықталуы, оқытушылардың жоғары біліктілігі сияқты аспектілер респонденттердің тиісінше 17,7% және 15,8% қолдауға ие болды (26-кесте).

26-кесте. «Біздің еліміздегі білімнің негізгі артықшылықтарын атаңыз» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
Тегін мектеп білімі	61,4
Жаңа оқулықтардың болуы	28,9
Кабинеттердің техникалық жабдықталуы	17,7
Оқытушылардың жоғары біліктілігі	15,8
Жаңа білім мекемелерінің салынуы	13,2
Халықаралық олимпиадаларға қатысу мүмкіндігі	12,8
Шетелде отандық жоғары оқу орындарының баға белгіленімі	6,3
Біздің білім беру жүйесінде артықшылық жоқ	15,9

Өз кезегінде, Қазақстандағы білім беру жүйесінің ең басты кемшілігі ретінде жастар ұлттық бірыңғай тестілеуді атады, ол респонденттердің айтуы бойынша ол талапкердің білімінің көрсеткіші болып табылмайды (49,5%). Респонденттердің айтуынша, отандық білім берудің әлсіздігі жоғары оқу орындарындағы оқу ақысы (41,6%) болып табылады. Жастардың әрбір төртінші өкілі біздің елімізде білім берудің кемшілігі студенттерге арналған стипендиялардың төмендігі және мемлекеттік білім гранттарының жеткіліксіз саны болып табылады деп санайды, тиісінше 24,9% және 24,8%. Білікті педагогтардың жоқтығын және білім беру ортасының сыбайлас жемқорлыққа жақындығын тағы да респонденттердің 19,2% және 17% атап өтті. Жоғарыда аталғандардан басқа, жас респонденттер балабақшаларға үлкен кезек (14,4%), мемлекеттік тілдегі оқулықтардың жетіспеушілігі (11%) және сыныптардың шамадан тыс толуы (10,4%) сияқты проблемалық аспектілерді атап өтті (27-кесте).


27-кесте. «Біздің еліміздегі білім берудің негізгі кемшіліктерін атаңыз» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
ҰБТ-талапкердің білімінің көрсеткіші емес, ауызша / жазбаша емтихандардың бұрынғы жүйесін қайтару қажет	49,5
Жоғары оқу орындарындағы білім алу үшін жоғары төлемнің болуы	41,6
Студенттерге арналған төмен стипендиялар	24,9
Мемлекеттік білім гранттарының жеткіліксіздігі	24,8
Білікті педагогтардың болмауы	19,2
Білім беру ортасында сыбайлас жемқорлықтың болуы	17,0
Кабинеттердің техникалық жабдықталуының төмендігі	14,5

Балабақшаға кезектіліктің болуы	14,4
Мемлекеттік тілдегі оқулықтардың жетіспеушілігі	11,0
Сыныптардың шамадан тыс толуы	10,4
Ыңғайсыз сабақ кестесі	7,3
Біздің білім беру жүйесінде кемшіліктер жоқ	6,6
Оқулықтардың нашар сапасы	0,4
Ауыр бағдарлама	0,2
Латын әліпбиін енгізді, бірақ оқыту кириллицада жүріп жатыр	0,2
Кәсіптік оқыту жоқ	0,1
Жас оқытушылардың білімі төмен	0,1
Гранттардың біркелкі бөлінуі	0,1
Қажетсіз ақпараттың көптігі	0,1
Педогогтердің студенттерге нашар қарым-қатынасы	0,1

Сауалнама кезінде үнемі жалақы төлемімен және әлеуметтік және зейнетақы аударымдарымен жастардың 38,9% тұрақты жұмыс істеді. Жастардың тағы 29% оқушы, студент мәртебесіндегілер. Қалғандары (29,3%) қазіргі уақытта тұрақты жұмыс жоқ екенін көрсетті (31-диаграмма).

31-диаграмма. «Сіздің тұрақты жалақы төленетін және әлеуметтік және зейнетақы аударымдары жасалатын тұрақты жұмысыңыз бар ма?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі



Одан әрі жұмыс істейтін жастарға: «Егер Сіз жұмыссыз қалатын болсаңыз, жаңа жұмысты қаншалықты тез табасыз?» деген сұрақ қойылды. Зерттеу нәтижелері жастардың пікірлерін бөлді: егер жастардың бір бөлігі өздерінің жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне

(19,4%) сенімді болса, жастардың басқа тобы бұл белгілі бір қиындықтарды тудырады деп санайды және жұмыс іздеуге кем дегенде үш ай кетеді (21,6%) деп санайды. Сауалнамаға қатысқандардың тағы бір тобы Қазақстанда жастар үшін жұмысқа орналасу үшін, яғни лайықты бос жұмыс орнын табу үшін кемінде 6 ай кететінін үлкен мәселе (19,4%) деп санайды (28-кесте).

28-кесте. «Егер Сіз жұмыссыз қалатын болсаңыз, жаңа жұмысты қаншалықты тез табасыз?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
Мен жұмысты қысқа уақытта тауып аламын	19,4
Жұмыс іздеу белгілі бір қиындықтарды тудырады, бірақ үш ай ішінде мен жұмыс таба аламын	21,6
Жаңа жұмыс табу - бұл жастар үшін үлкен мәселе болып табылады, ең жақсы жағдайда жарты жыл ішінде табамын	19,4
Мен оқимын, жұмыс іздемеймін, жұмыс іздеуде тәжірибе жоқ	30,3
Жауап беруге қиналамын	9,3


5.2 Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатын іске асыру

Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының мақсаты жастардың толыққанды рухани, мәдени, білім беруде, кәсіби және физикалық дамуы, шешімдер қабылдау процесіне қатысу, табысты әлеуметтендіру және оның әлеуетін елдің одан әрі дамуына бағыттау үшін жағдай жасау болып табылады².

Жастардың мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға деген қызығушылығының деңгейін зерттеу үшін респонденттерге мынадай сұрақ қойылды: «Сіз үшін Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясаты қалай дамып келе жатқаны қызықты ма?». Сауалнама нәтижелері елдегі жастар саясатына жастардың тек 9,5% ғана қызығатынын көрсетті. Әрбір үшінші респондент зерттеу пәніне уақыт өте келе қызығушылық танытады (32,1%). Респонденттердің көпшілігі Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының қалай дамығанын (46,2%) қадағаламайды және қызығушылық танытпайды (32-диаграмма).

² https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31661446#pos=123;-92

32-диаграмма. «Сіз үшін Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясаты қалай дамып келе жатқаны қызықты ма?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі



Бұл ретте сұралған жастардың жартысы мемлекеттің жастардың дамуы үшін барлық жағдай жасайтынын (51,8%) түсіндіре отырып, мемлекеттің жастарды қолдау мәселелеріне көңіл аудару деңгейін жеткілікті деп бағалайды. Алайда, жастарды қолдау мәселелеріне мемлекеттің көңілінің жеткіліксіз деп санайтындардың үлесі 29,5% құрайды. Жас азаматтардың тағы 14,3% мемлекет жастар үшін ештеңе жасамайды деп ойлайды (29-кесте).

29-кесте. «Сіздің ойыңызша, мемлекеттік органдар жастар мәселелеріне жеткілікті көңіл бөледі ме?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
Иә, мемлекет жастардың дамуына барлық жағдай жасайды	51,8
Мемлекеттік органдар жастарға жеткіліксіз көңіл бөледі	29,5
Жоқ, мемлекет жастарға ештеңе жасамайды	14,3
Жауап беруге қиналамын	4,5

Сұралған жастардың 6,9% ғана жастармен мақсатты топ ретінде жұмыс істейтін ұйымдарға жүгінген (30-кесте).

30-кесте. «Сіз өзіңіздің елді мекеніңіздегі жастармен жұмыс істейтін ұйымдарға жүгіндіңіз бе?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
Иә	6,9
Жоқ	93,1

Жастар көбінесе осы ұйымдарға жұмысқа орналасуда (35,4%), бос уақытты ұйымдастыруда (19,4%), тұрғын үй алу мүмкіндігі туралы кеңес алу үшін (18,1%) жүгінеді. Респонденттердің тағы 12,5% жастармен жұмыс істейтін ұйымдарда әлеуметтік-медициналық көмек алғанын көрсетті (31-кесте).

31-кесте. «Сіз осы ұйымдардан қандай көмек алу үшін жүгіндіңіз?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
Жұмысқа тұру мәселесі бойынша	35,4
Бос уақытты ұйымдастыру мәселесі бойынша	19,4
Тұрғын үй алу мүмкіндігі туралы кеңес алу үшін	18,1
Әлеуметтік-медициналық көмек	12,5
Әлеуметтік-еңбек оңалту және кәсіптік бағдарлау	6,9
Психологиялық көмек	6,3
Материалдық көмек	5,6
Өз ісімді, бизнесімді ұйымдастыру мәселесі бойынша	5,6
Құжаттарды рәсімдеу мәселесі бойынша	5,6
Заңды көмек	2,8
Жүгінген жоқпын	4,2

Жас қазақстандықтар арасында жастар ұйымдарының белсенді мүшелерінің үлес салмағы 2,9% құрайды. Тағы респонденттердің 1/10 үлесі жастар ұйымдарының қызметіне қатысады, бірақ тек өткізілетін іс-шараларға, акцияларға және т.б. қатысады (10,4%). Жастар ұйымдарының активін кеңейту әлеуеті 18,4% деңгейінде тұр - бұл

жастар ұйымдарының қызметіне қатыспайтын, бірақ қатысқысы келетін жастар (33-диаграмма).

33-диаграмма. «Сіз жастар ұйымдарының қызметіне қатысасыз ба?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі



Жастар саясатындағы маңызды міндеттерді тиімді коммуникативтік алаң болып табылатын жастар жобалары орындайды. Біріншіден, жобаларды іске асыру барысында жастардың бір-бірімен белсенді ынтымақтастығы жүріп жатыр, екіншіден, жастар мемлекеттік құрылымдармен бірлесіп өткір мәселелерді шешуге белсенді қатысады.

Қазақстан жастары арасында бағдарламалар мен жобалар туралы ақпараттандырумен жағдай былайша көрінеді. Респонденттердің әрбір екінші өкілі жастарды қолдау жөніндегі «Дипломмен ауылға!» жобасы туралы біледі (42,3%). «Жасыл ел» мемлекеттік жастар жобасы туралы сұралғандардың 39,2% біледі. Жастардың «Болашақ» халықаралық стипендиясы туралы хабардар болу деңгейі 30,9% құрайды. Жастарды қолдау жөніндегі танымал мемлекеттік жобалардың бестігіне «Жастар тәжірибесі» және «Серпін-2050» жобалары кіреді, тиісінше 23% және 20,5%. Жастар арасында кеңінен танымал болуды Жастар корпусын дамыту жобасы мен Жастар кадрлық резерві талап етеді, өйткені осы бағдарламалар туралы сұралған жастардың 2% және 1,8% ғана біледі немесе естіген (32-кесте).

32-кесте. «Жастарды қолдау бойынша Мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы білесіз бе немесе естідіңіз бе?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
«Дипломмен ауылға!»	42,3
«Жасыл Ел»	39,2
«Болашақ» халықаралық стипендиясы	30,9
«Жастар тәжірибесі»	23,0
Серпін-2050	20,5
«Дарын» мемлекеттік жастар премиясы	16,2
«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылыс бағдарламасы	16,1
"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы	14,1
Барлығы үшін тегін техникалық және кәсіптік білім	6,5
Өнімді жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы	4,7
Жастар корпусын дамыту жобасы	2,0
Жастар кадрлық резерві	1,8
Аталған бірде-бір бағдарламамен таныс емеспін	24,0

Жастардың «Жастар тәжірибесі» (7%) және «Жасыл ел» (7%) жобаларына қатысуының ең жоғары деңгейі байқалады. Жас қазақстандықтардың ең аз қатысу деңгейі олар аз ақпараттандырылған жастар жобаларында орын алады, оның ішінде Жастар корпусын дамыту жобасы – 0,4% және жастар кадрлық резерві – 0,7% (33-кесте).

33-кесте. «Сіз жастарды қолдау бойынша қандай мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға қатыстыңыз?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
«Жастар тәжірибесі»	7,0
«Жасыл Ел»	7,0
«Дипломмен ауылға!»	5,3
Серпін-2050	1,9
Барлығы үшін тегін техникалық және кәсіптік білім	1,8
«Болашақ» халықаралық стипендиясы	1,3
«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылыс бағдарламасы	1,2

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы	1,0
Өнімді жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы	0,8
«Дарын» мемлекеттік жастар премиясы	0,7
Жастар кадрлық резерві	0,7
Жастар корпусын дамыту жобасы	0,4
Аталған бірде-бір бағдарламаға қатыспадым	75,7

Жастар ресурстық орталықтарының (ЖРО) жұмысына келетін болсақ, зерттеу нәтижелеріне сәйкес, сұралған жастардың тек 4,7% ғана олардың жұмысы туралы хабардар және ЖРО-ға жүгінген. Сауалнамаға қатысушылардың 14,4% жастарды қолдау орталықтарының бар екендігі туралы біледі, бірақ ЖРО-ға әлі жүгінуге тура келмегенін атап өтті. Жастардың 20,4% жастарға арналған Ресурстық орталықтардың қызметі туралы беттік түсінікке ие. Сауалнамаға қатысушылардың 57,1% ЖРО жұмысы туралы ештеңе білмейді (34-диаграмма).

34-диаграмма. «Сіздің ауданыңыздың / қалаңыздың/ облысыңыздың жастар ресурстық орталықтарының (ЖРО) жұмысы туралы білесіз бе?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі



5.3 Бос уақыт және еріктілер жұмысы

Бос уақытында жастар арасында ең танымал уақыт өткізуі - достармен кездесу болып табылады, Қазақстанда жас ұрпақтың әрбір екінші өкілі осылайша демалады. Екінші танымал хобби - үйде демалу, респонденттердің 44,5% осы жауап нұсқасын таңдады. Саябақта респонденттердің 24,3% серуендейді, жастардың 23,1% спортпен шұғылданады. Респонденттердің дәл осындай саны бос уақытында қонаққа немесе киноға барады, тиісінше 22,4% және 21,9%. Жастардың 19,9% өз бос уақытын оқуға арнайды. Сұралған жастардың 7,6% бос уақыттың болмауын көрсетті (34-кесте).

34-кесте. «Сіз бос уақытыңызды қалай өткізесіз?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
Достарыммен кездесемін	53,2
Үйде демаламын	44,5
Саябақта серуендеймін	24,3
Спортпен шұғылданамын	23,1
Қонаққа барамын немесе қонақ қарсы аламын	22,4
Киноға барамын	21,9
Оқимын	19,9
Хоббимен айналысамын	16,3
Табиғат аясына шығамын	15,5
Кафе, ресторандарға шығамын	11,6
Концерттерге барамын	11,0
Театр, мұражай, көрмелерге барамын	7,9
Мешіт, шіркеу және т.б. барамын	5,3
Интернетте	0,4
Ауыл шаруашылығы	0,2
Отбасы	0,2
Курстарға барамын	0,1
Еріктілер қызметі	0,1
Менің бос уақытым жоқ	7,6

Өз тұратын елді мекеніндегі бос уақыт мекемелерінің жұмыс сапасына сұралған жастардың жартысынан астамы (54,6%) қанағаттанған, сауалнамаға қатысушылардың 12,5% қанағаттанбаған. Айта кету керек, респонденттердің 17,8% тұрғылықты аймақта бос уақыт өткізетін мекемелердің жоқ екендігін көрсетті (35-кесте).

35-кесте. «Сіздің қалаңыздағы / ауылыңыздағы бос уақыт мекемелерінің жұмыс сапасына қанағаттанасыз ба?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
Толықтай қанағаттанамын	24,5
Қанағаттанамын деуге болады	30,1

Қанағаттанбаймын деуге болады	8,2
Толықтай қанағаттанбаймын	4,3
Тұрғылықты аймақта бос уақыт өткізетін мекемелер жоқ	17,8
Мен біздің қалада, ауылда бос уақыт өткізетін мекемелерге бармаймын	11,1
Жауап беруге қиналамын	3,9

Қазақстандағы жастар арасындағы белсенді еріктілердің үлес салмағы - 11%. Сонымен қатар жастардың әрбір үшінші өкілі еріктілік пен оның мүмкіндіктері туралы ештеңе білмейді (29,5%) (36-кесте).

36-кесте. «Сіз волонтерлік қызметпен айналыстыңыз ба?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
Иә, белсенді қатысушы-волонтер болдым, қазір де волонтер болып табыламын	11,0
Иә, бұл туралы естідім, бірақ ешқашан қатыспадым	57,0
Жоқ, алғаш рет естіп тұрмын	29,5
Жауап беруге қиналамын	2,5

Қазақстандағы жастар арасындағы еріктіліктің ең кең тараған түрі – бұл кедей адамдарға көмек көрсету, бұл бағытта әрбір үшінші ерікті қатысады (33%). Сұралған жастардың 7% мүмкіндігі шектеулі адамдарға психологиялық көмек және қолдау көрсетеді (7%).

Жалғыз басты және қарт адамдарға көмек көрсеткен еріктілердің үлесі 5,6% құрайды.

Қазақстанда жастардың қоғамдық қызметінің ең танымал нысандары ауруханада көмек (0,4%), әлеуметтік көмек (0,4%) және жануарларды қорғау (1,8%) болып табылады. Басқалары 37-кестеде көрсетілген.

37-кесте. «Сіздің еріктілік қызметіңіздің бағыты қандай?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
Кедейлерге көмек	33,0
Психологиялық көмек	7,0
Мүмкіндігі шектеулі адамдарды қолдау	7,0
Діни ұйымдарды, шіркеуді, мешітті қолдау	6,3
Спорттық және өзге де мәдени-бұқаралық іс-шараларды қолдау	6,3
Жалғыз басты және қарт адамдарға көмек	5,6
Қоршаған ортаны қорғау	4,6
Үйсіздерді қолдау	4,2
Мәдениетті сақтау	3,9
Ғылыми зерттеулерді қолдау	2,8

Нашақорлықпен күрес	2,1
Жануарларды қорғау	1,8
Әлеуметтік көмек	0,4
СӨС	0,4
Ауруханаларда көмек көрсету	0,4
Жауап беруге қиналамын	14,4

Жастардың волонтерлік қызметпен айналысуға деген уәждеріне талдау жасай отырып, олардың арасында басқаларға көмек көрсету ниетінің басым екендігі (45,7%), айналада болып жатқан оқиғалар үшін жауапкершілік сезімінің болуы (22,3%) және өмірлік тәжірибе алу ниетінің болуы (15,5%) анықталды (38-кесте).


38-кесте. «Айтыңызшы, Сізді ерікті болуға не әсер етті?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
Басқаларға көмек көрсетуге ниеттің болуы	45,7
Айналада болып жатқан оқиғалар үшін жауапкершілік сезімнің болуы	22,3
Өмірлік тәжірибе алу ниетінің болуы	15,5
Кішкене ақша табу ниетінің болуы	6,1
Өмірді өзгертуге деген ниеттің болуы	6,5
Жауап беруге қиналамын	18,7

5.4 Жастар арасындағы наразылық әлеуетін өлшеу

Осы зерттеу шеңберінде наразылық көңіл-күй деңгейін анықтау үшін Қазақстанның жастар ортасында әлеуметтік наразылықтың пайда болу ықтималдығының жалпы көрінісін қалыптастыруға мүмкіндік беретін бірқатар сұрақтар қойылды. Деректерді талдау көрсеткендей, респонденттердің шамамен 1/5 үлесі (18,7%) наразылық акциялары олардың қаласында/ауылында болуы әбден мүмкін деп санайды, олардың 4,3% - толықтай сенімді, 14,4% - сенімді деуге болады. Бұл ретте жастардың жартысынан көбі (81,3%) наразылықтар екіталай немесе мүлдем жоқ деп есептей отырып, қарама-қарсы пікірді ұстанады (35-диаграмма).

35-диаграмма. «Қалай ойлайсыз, қазір Сіздің қалаңызда/ауылыңызда жаппай наразылық акцияларының болуы мүмкін бе?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі



Наразылықтың туындау ықтималдығы туралы мәселе наразылық акцияларын тудыруы мүмкін мәселелер призмасы арқылы қызықты. Респонденттердің көзқарасы бойынша Қазақстанда жастардың наразылығын тудыруы үшін әртүрлі мәселелер түрткі болуы мүмкін. Оларды шартты түрде экономикалық және экономикалық емес факторларға бөлуге болады. Наразылықтың экономикалық себептеріне жалақы, стипендиялар, жәрдемақылар бойынша төлемдердің кешіктірілуі (11,9%), жұмыстан босату және қысқарту (11,4%), кредиттер немесе ипотека бойынша төлемдердің артуы (10,8%), коммуналдық қызметтер тарифтерінің негізсіз артуы (9,9%) жатады. Наразылықтың экономикалық емес себептеріне медициналық мекемелер қызметкерлерінің салғырттығы мен кәсіпқойлығының жоқтығын (10,8%), экологиялық жағдайдың нашарлауын (9,1%) жатқызуға болады. Наразылық факторларының осындай түріне биліктің (9%) әрекеттеріне қанағаттанбаушылықты және әділетсіз сот шешімдерін (8,6%) жатқызуға болады.

Кез келген жағдайда наразылықтың жария акцияларына (демонстрацияларға, ереуілдерге, митингілерге және т.б.) – жас азаматтардың 59,7% қатысу мүмкіндігін жоққа шығарады (39-кесте).

39-кесте. «Сізді бұқаралық наразылық акциясына баруға қандай мәселе мәжбүрлеуі мүмкін?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %

	%
Жалақы, шәкіртақылар, жәрдемақылар бойынша төлемдердің кешіктірілуі	11,9
Жұмыстан босату және қысқарту	11,4
Медициналық мекемелер қызметкерлерінің салғырттығы мен кәсіпқойлығының жоқтығы	10,8
Несиелер немесе ипотека бойынша төлемдердің артуы	10,8
Коммуналдық қызметтер тарифтерінің негізсіз артуы	9,9
Экологиялық жағдайдың нашарлауы	9,1
Биліктің әрекеттеріне қанағаттанбаушылық	9,0
Әділетсіз сот шешімдері	8,6
Негізсіз айыппұл	7,8
Мектеп, колледж, ЖОО мәселелер	7,5
Азық-түлік, жанар-жағар май, дәрі-дәрмек бағасының өсуі	7,4
Тұрғын үй мәселелері	6,1
Қабылданатын реформалармен келіспеу	4,8
Этникалық негіздегі құқықтардың бұзылуы	4,5
Ештеңе мені ашық наразылық акциясына баруға мәжбүр ете алмайды	59,7

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы аналитикалық құжаттың негізгі мақсаты жастар арасындағы қоғамдық-саяси жағдайды зерделеу болып табылатын социологиялық зерттеудің нәтижелерін қамтиды.

Зерттеу нәтижелері бойынша келесідей қорытындылар жасалды:

Біріншіден, сауалнама халықтың әлеуметтік стратификациясына қатысты үй шаруашылықтарының қолданыстағы статистикалық өлшеулерін растайды. **Кедейлік деңгейі 1,9% құрады.** Базалық тап - негізінен қарапайым ұдайы өндіріспен (тамақ, киім) өмір сүретін респонденттер 38,2% құрайды. Бұдан басқа, кедейлік шегіндегі азаматтардың едәуір тобы бар - тамақтануға ақша жетіспейді, бірақ киім сатып алуға қиындықтар бар адамдар – 14,3%. **Қоғамдағы орта тап үлесі - 36,5%.** Қазақстанда жоғары қамтамасыз етілген жастардың үлес салмағы 7,1% жетеді.

Жастар табысының негізгі көздері туралы айтатын болсақ, **респонденттердің басым саны өз жалақысына немесе отбасының басқа мүшелерінің табыстарына өмір сүреді.** Үй шаруашылықтарын тұтыну құрылымына келетін болсақ, азық-түлікке қазақстандық отбасылардың көпшілігі отбасылық бюджеттің кем дегенде жартысын жұмсайды, бұл компаративтік аспектіде ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда 2 есе көп. Осы жерден елдің азық-түлік қауіпсіздігін арттыру үшін өңірлік азық-түлік өндірісін дамыту қажет, бұл ұлттың сауығуына және қазіргі заманғы қазақстандық экономикадағы жоғары бәсекеге қабілетті еңбек әлеуетін жаңғыртуға айтарлықтай дәрежеде ықпал ететін болады.

Екіншіден, **Қазақстанда сұралған жастардың жартысына жуығы жеке меншігінде немесе ата-анасының/жұбайының меншігінде тұрғын үйі бар.** Респонденттің жасы ұлғайған сайын, тұрғын үйді жалға алып, ата-аналардан бөлек тұратын жастардың үлесі артады. Бұл ретте сұралғандардың 1/3 үлесінің өз баспанасы жоқ, қазақстандықтардың бұл санаты қалаға қарағанда ауылда тұрады. Сұралған жастардың 80,4% бүгінгі таңда қолда бар қандай да бір дәрежеде тұрғын үй жағдайларына қанағаттанған.

ТКШ ең өткір мәселелерінің үштігін коммуналдық қызметтердің жоғары тарифі, тұрғын үйдің қол жетімсіз болуы және үй жанындағы ойын, спорт алаңдарының болмауы сияқты мәселелер басқарып отыр. Төртінші орында коммуналдық қызмет сапасының төмендігіне байланысты мәселелер өзекті болды. ТКШ өзекті мәселелерінің бестігі жастардың тұру пунктінде асфальтталған жолдардың болмауына алаңдаушылық туғызады. Айта кету керек, бұл мәселеге ауыл жастары жиі назар аударады.

ТКШ қызметтерінің неғұрлым сапалы түрі - электрмен жабдықтау. Телефония және газбен жабдықтау қызметтері ортаңғы позицияда. **ТКШ секторындағы ең әлсіз жері - лифттер.**

Үшіншіден, **сұралғандардың негізгі бөлігінің денсаулық жағдайын олар «жақсы» немесе «өте жақсы» деп бағалайды.** «Онша жақсы емес» денсаулық жағдайын респонденттердің 8,1% көрсетті. Бұл ретте көпшілігі ешқашан скринингтен өтпей, АИТВ/ ЖИТС-ке қан анализін тапсырмаған.

Виртуалды компьютерлік әлеммен әуестенген қазіргі жастарға айтарлықтай аз белсенді өмір салты тән. **Мәселен, спорт күнделікті тәжірибе ретінде жастардың 14,7% ғана өмірінде бар.** Осыдан қазақстандық жастардың санасында өз денсаулығына басты капитал ретінде көзқарас қалыптаспағанын айтуға болады, оны өмір процесінде пайдалана отырып, оны құру, көбейту керек. Жастар қызметкерлердің денсаулық деңгейіне көбінесе олардың табыстылығы, тиімділігі және еңбекақы төлеу деңгейі байланысты екенін түсінуі тиіс. Сондықтан қазіргі жағдайда жастардың салауатты өмір салтына дайындығын тәрбиелеу аса маңызды.

Төртіншіден, жастардың жеке қауіпсіздігіне қатер төндіруіне қатысты **жұмыссыздыққа, ауа мен судың ластану қаупіне, сыбайлас жемқорлыққа және кедейлікке барынша алаңдаушылық туғызады.**

Бесіншіден, сұралғандардың 17% өзінің тұрғылықты жеріндегі экологиялық жағдайды қолайсыз немесе критикалық ретінде анықтайды, олардың ішінде Қарағанды және Павлодар облыстарының жас тұрғындары.

Алтыншыдан, қазіргі жастардың құндылық жүйесі туралы айтқанда, мұнда даусыз бірінші орын отбасына тиесілі. Екінші орында өмірлік құндылықтар жүйесінде жастардың денсаулығы тұр. Үшінші орынды «достар» иеленді. Ақша, материалдық игілік ел жастарының әрбір оныншы өкілі үшін құндылық болып табылады. Перифериялық немесе аз маңызды құндылықтар тобына «сенім», «кәсіпқойлық» және «дәстүрлер» кірді.

Жастардың дінге деген қарым-қатынасына келер болсақ, жастар арасында діни өмірге қатыспайтын, кейде кейбір діни салттарды орындайтын нақты діншілдердің үлесі айтарлықтай. Жалпы алғанда, қазақстандық жастардың діни бірегейлігі елдің бүкіл халқы бойынша діни құрылыммен сәйкес келеді, бұл отбасы институтында қалыптасқан құндылықтардың сабақтастығы сақталатынын көрсетеді.

Айтпақшы, жастардың отбасылық-некелік ұстанымдарына қатысты жастар отбасын құру үшін қолайлы жасты гендерлік қағидат бойынша дифференциялайды: ерлер үшін мінсіз жас 24-27 жас диапазоны болып табылады, ал әйелдер үшін некеге тұру үшін жас шектері 18-ден 23 жасқа дейін өзгереді. **Қазақстанның жас**

отбасыларының өзекті мәселелерінің рейтингі халық атап өткен өзекті мәселелерінің рейтингін қайталайды: қаржылық мәселелер, тұрғын үй мәселелері, жұмысқа орналасудағы қиындықтар.

Қазақстандық жастарға оралмандарға қатысты этникалық толеранттылық пен төзімділік тән. Жастар некесі ресми тіркеусіздерге, иммигранттарға, басқа дін өкілдеріне, сондай-ақ дәстүрлі емес жыныстық бағдарлы адамдарға қатысты аз деңгейде шыдамды болып табылады.

Жетіншіден, сауалнамаға қатысқан жастардың 92% өздерін патриот деп санайды.

Сегізіншіден, ***респонденттердің көпшілігі алған немесе қазір алып жатқан білім сапасына қанағаттанушылық білдірді.*** Сонымен қатар, респонденттер Қазақстандағы білім берудің басты артықшылығын тегін мектеп білімі деп атады. Өз кезегінде, Қазақстандағы білім беру жүйесінің ең басты кемшілігі ретінде жастар абитуриенттің білім деңгейінің көрсеткіші болып табылмайтын ұлттық бірыңғай тестілеуді атады.

Сауалнамаға қатысқан ***жастардың төрттен үш бөлігі мемлекеттік тілде және орыс тілінде еркін сөйлейтіндіктен,*** қазақстандық жастар туралы қостілді деп айтуға болады. Респонденттердің 7,8% - ағылшын тілінде еркін сөйлейді, оқып, жаза алады.

Ата-аналар қазақстандық жастар үшін басты референт болып қала береді, яғни жастар ата-аналарға кеңес алуға, мысалы, болашақ мамандықты таңдауда жүгінеді. Отбасы жеке тұлғаны әлеуметтендірудің бастапқы агенті болғандықтан, ата-аналар білім алуға жиі жәрдем көрсетеді, мамандықты, жұмыс орнын таңдауға және т.б. ықпал етеді, онда біз ЖОО тәрбие ортасын ұйымдастыруда ата-аналардың ресурстық әлеуетін пайдалану маңызды деген пікірмен бөлісеміз.

Тоғызыншыдан, ***елдегі жастар саясатына қызығушылық танытатын белсенді жастар саны 9,5%.*** Сұралған жастардың 6,9% ғана жастармен мақсатты топ ретінде жұмыс істейтін ұйымдарға жүгінген. Жастар көбінесе осы ұйымдарға жұмысқа орналасуда, бос уақытты ұйымдастыруда, тұрғын үй алу мүмкіндігі туралы кеңес алғанда жүгінеді.

Жастар ұйымдардың едәуір белсенді мүшелері арасында жас қазақстандықтардың үлесі 2,9% құрайды. Респонденттердің 1/10 бөлігі жастар ұйымдарының қызметіне, бірақ тек өткізіліп жатқан іс-шараларда, акцияларда және т.б. қатысады. Жастар ұйымдарының активтерін кеңейту әлеуеті 18,4% деңгейінде - жастар ұйымдарының қызметіне қатыспайтын, бірақ қатысуды қалайтын жастар.

Жастар ресурстық орталықтарының (ЖРО) жұмысына келетін болсақ, зерттеу нәтижелеріне сәйкес, *сұралған жастардың тек 4,7% ғана олардың жұмысы туралы хабардар және ЖРО жүгіну тәжірибесі бар*. Қалғандары ЖРО жұмысы туралы ештеңе білмейді, ал егер білген жағдайда, онда үстірт және өзара ықпалдастық тәжірибесі жоқ.

Қазақстандағы жастар арасындағы белсенді еріктілердің үлес салмағы - 11%. Қазақстандағы жастар арасындағы еріктіліктің ең кең тараған түрі - кедей адамдарға көмек көрсету.

Оныншыдан, деректерді талдау көрсеткендей, *сұралғандардың 1/5 бөлігі наразылық акциялар олардың қаласында/ауылында әбден ықтимал деп санайды*. Қазақстанда жастардың наразылығын әртүрлі мәселелер тудыруы мүмкін. Оларды шартты түрде экономикалық және экономикалық емес факторларға бөлуге болады. Наразылықтың экономикалық себептеріне жалақы, шәкіртақылар, жәрдемақылар бойынша төлемдердің кешіктірілуін, қысқартуды және жұмыстан босатуды, кредиттер немесе ипотека бойынша төлемдердің көтерілуін, коммуналдық қызметтер тарифтерінің негізсіз көтерілуін жатқызуға болады. Наразылықтың экономикалық емес себептеріне немқұрайлылық және медицина мекемелерінің қызметкерлерінің кәсіпқой еместігі, экологиялық ахуалдың нашарлауы, биліктің іс-әрекетіне қанағаттанбаушылық және әділетсіз сот шешімдерін жатқызады.

Осылайша, жастар - бұл жай ғана әлеуметтік немесе жас тобы емес. Бұл мемлекеттің болашағы құрылатын басты ресурсы, сондықтан кез келген қоғамда ол ең алдымен стратегиялық функцияны орындайды. Әрбір ұрпақ өз әлеуметтік жағдайында өседі, әрдайым алдыңғы қатардан ерекшеленетін, сондықтан оған өзіндік ерекше белгілері мен мінез-құлық формалары тән. Осы заңдылықтар мен ерекшеліктерді түсіну және зерттеу қоғамның барлық мүшелері үшін өте маңызды.



Научно-исследовательский центр «Молодежь»
 Z01F9K5, Республика Казахстан, Нұр-сұлтан қ,
 Тәуелсіздік, 41
 Телефон: + 7 /7172/ 27 81 59, e-mail: infonic@eljastary.kz

Жоба
 Қазақстан жастары_2019

Жастар арасында сауалнама жүргізуге арналған анкета

Анкета № _____	Сұхбат күні: _____
Облыс _____	Аудан: _____
Қала /село: _____	Елді мекен типі: 1. Қала. 2. Ауыл.

Құрметті респондент! Менің есімім _____. Мен «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының (Нұр-сұлтан қ.) интервьюерімін. Сізден қазақстандық жастардың өзекті мәселелеріне арналған социологиялық сауалнамаға қатысуды сұраймыз. Назарларыңызға бірқатар сұрақтар мен олардың жауаптары ұсынылады. Осы сұрақтар мен олардың жауап нұсқаларын тыңдап, өз жауабыңызды таңдаңыз. Сұрақтар мен жауаптарды соңына дейін тыңдап, көңіліңізден шығатын жауапты таңдауды сұраймыз. Жауаптардың ешқайсысы Сізді қанағаттандырмайтын болса, өз жауабыңыздың нұсқасын «басқасы» тармағында көрсетіңіз.

Алынған ақпарат тек жалпылама түрде қолданылатын болады. Пікіріңіздің құпиялылығына кепілдік беріледі.

1. АДАМНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ

1. Сіз қандай қаражатқа тұрасыз? (БІР ЖАУАП)

1. Тек жалақыға ғана өмір сүремін
2. Жалақыға және үнемі қосымша қаражатқа өмір сүремін
3. Жалақыма және кейде қосымша табысыма өмір сүремін
4. Өз жекеменшігімнің қаражатына өмір сүремін
5. Кейдейсоқ қаражатқа өмір сүремін
6. Шәкіртақыға, зейнетақыға, жәрдемақыға өмір сүремін
7. Басқа отбасы мүшелерінің табысымен өмір сүремін
98. Басқасы (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

2. Отбасыңыздың материалдық әл-ауқатының деңгейін қалай бағалайсыз? (БІР ЖАУАП)

1. Бізде елеулі қиындықтар жоқ, қажет болған жағдайда біз автокөлік немесе пәтер сатып ала аламыз
2. Қаражат барлығына жетеді, тек қымбат заттарды сатып ала алмаймыз, мысалы, көлік немесе пәтер
3. Азық-түлік, киім үшін ақша жеткілікті, бірақта ұзақ мерзімді тауарларды сатып алу қиын
4. Ақша азық-түлік үшін жеткілікті, бірақ киім сатып алу қиынға соғады
5. Ақша азық-түлікке жетпейді
99. Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

3. Сіздің немесе отбасыңыздың ай сайынғы кірісінің қанша бөлігі тамақтануға кетеді? (БІР ЖАУАП)

1. Барлық ақша тамақтануға кетеді (100%)
2. Отбасылық табыстың көп бөлігі азық-түлікті сатып алуға кетеді (70-80%)
3. Табыстың жарты бөлігі азық-түлікке кетеді (50%)
4. Отбасылық табыстың төрттен бір бөлігі азық-түлікке кетеді (25%)
5. Азық-түлікке 10-дан 25%-ға дейін кетеді
6. Азық-түлікті сатып алуға табыстың 10%-нан азы кетеді
99. Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

4. Қаншалықты әртүрлі тамақтанасыз? (БІР ЖАУАП)

1. Тамақ жеткілікті әртүрлі, күнделікті ет пен жеміс жейміз
2. Біз тамақтануды әртүрлі етуге тырысамыз, бірақ күн сайын ет пен жемісті жеуге мүмкіндік әрқашан емес
3. Біздің отбасымыздың тамағы біркелкі, ет пен жемісті жеуге мүмкіндік жоқ
99. Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

5. Соңғы жарты жылда Сіздің өміріңізде тамаққа ақша болмай, бірнеше күн тамақтанбай қалған кезіңіз болды ма? (БІР ЖАУАП)

1. Ия, ондай жағдай жиі болады
 2. Ондай жағдай бірнеше рет болған
 3. Менің өмірімде ондай жағдай ешқашан болмаған
99. Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

6. Сіздің үйіңізде қанша адам тұрады? _____

7. Сіздің пәтеріңізде/үйіңізде қанша бөлме бар? _____

8. Сіздің өзіңіздің жеке меншігіңізде, сіздің отбасыңыздың меншігінде жеке баспана бар ма?

1. Ия, менің жеке меншігімде немесе жұбайымда/ата-анамда бар
 2. Жеке меншігімде (ортақ иелік)
 3. Жалға берілетін тұрғын үй
 4. Жоқ, менде баспана жоқ
98. Басқасы (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

9. Сіз өзіңіздің тұрғын үй жағдайыңызға қанағаттанасыз ба?

1. Толықтай қанағаттанамын
 2. Қанағаттанамын деуге болады
 3. Қанағаттанбаймын деуге болады
 4. Толықтай қанағаттанбаймын
99. Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

10. Коммуналдық қызметтер үшін ай сайын қанша төлейсіз (электр күші, су, жылу, телефон, интернет жүйесі)? (БІР ЖАУАП)

1	10 мың. теңгеге дейін
2	11-20 мың. теңге
3	21-40 мың. теңге
4	41-80 мың. теңге
5	81 мың. теңге және одан да көп
6	Коммуналдық қызметтер үшін ақша төлемеймін, ата-анам төлейді
98	Басқасы (ЖАЗЫҢЫЗ) _____
99	Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

11. Мен Сізге қазір ТКШ саласындағы бірнеше мәселелерді айтамын. Олардың ішіндегі қайсысы Сіздің көзқарасыңыз бойынша тұрғылықты жеріңіз үшін маңызды болып табылады (Үш жауаптан артық емес)

1. Коммуналдық қызметтердің жоғары бағасы
2. Коммуналды қызметтердің сапасының төмендігі
3. Тұрғын үйдің ескі болуы (коммуникацияның нашарлауы)
4. Мемлекеттік органдар тарапынан тиісті бақылаудың жоқтығы
5. Тұрғын үйдің қымбат болуы
6. Тұрғын үй аумағындағы абаттандыру деңгейінің төмендігі
7. Жылу ауа-райына сәйкес келмейді
8. Көлікті қоятын орынның болмауы
9. Сыбайлас жемқорлық, ТКШ саласындағы парақорлық
10. Жылу берудің төмен температурасы
11. Қоқыс шығару бойынша мәселе
12. ПИК-тің сенімсіздігі
13. Электр қуатының ақауы
14. Сумен жабдықтаудағы ақаулар
15. Газдың болмауы, газбен жабдықтаудағы ақаулар
16. Үйдің жанында асфальт жолдардың жоқтығы
17. Үйдің жанында спорт, ойын алаңдарының жоқтығы
18. Лифт жұмысындағы ақаулар

19. ТКШ өкілдерімен байланыстың болмауы (телефон қоңырауларына, шағымдарға жауап бермейді және т.б.)

97. Мәселе жоқ

98. Басқасы (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

99. Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

12. Қаншалықты қанағаттысыз ...? (ӘРБІР ЖОЛҒА БІР ЖАУАПТАН БЕРІҢІЗ)

	Қанағаттанамын	Қанағаттанбаймын	Қолданбаймын
1. Жылу беру деңгейі	1	2	3
2. Сумен жабдықтау деңгейі/ суық және ыстық су	1	2	3
3. Су тарту деңгейі / канализация	1	2	3
4. Электр қуатының деңгейі	1	2	3
5. Газбен жабдықтау деңгейі	1	2	3
6. Лифт қызметі	1	2	3
7. Қоқыс жинау қызметі	1	2	3
8. Телефон қызметі	1	2	3
9. Үйдегі интернет қызметі	1	2	3

13. Сіз тұратын қалада / ауылда жалғыз жүргенде Өзіңізді қауіпсіз сезінесіз бе? (БІР ЖАУАП)

1. Ия

2. Жоқ

97. Жауап беруден бас тарту

99. Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

14. Соңғы 12 айда Сізге қарсы заңсыз іс-әрекеттер жасалды ма? (БІР ЖАУАП)

1. Ия

2. Жоқ

97. Жауап беруден бас тарту

99. Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

15. Өз тұрғылықты жеріңіздегі қауіпсіздікті қамтамасыз ететін полиция инспекторымен таныссыз ба? (БІР ЖАУАП)

1. Ия, таныспын, оны жиі кездестіремін

2. Ия, таныспын, оны кейде кездестіремін

3. Жоқ, таныс емеспін, ешқашан көрген емеспін

99. Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

16. Соңғы 2-3 айда заңға қарсы іс-әрекеттер жасалған кезде, полиция инспекторының тарапынан ұнамаған немесе наразылық көрсеткен жағдай болды ма? (БІР ЖАУАП)

1. Ия, болды, ондайдың көугері болдым

2. Тек БАҚ, интернет және әлеуметтік желілерде

3. Ондай жағдайлар болмады

98. Басқасы (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

99. Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

17. Сіздің жеке қауіпсіздігіңізге қауіп төніп тұр деп ойлайсыз ба? (Екі жауаптан кем емес)

1. Таза ауаның, судың кірленуі

2. Жұмыссыздық

3. Соғыс қаупі

4. Сыбайлас жемқорлық

5. Аурулар

6. Кедейлік

7. Діни экстремизм

8. Этникалық жанжалдар

9. Қылмыс

98. Басқасы (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

99. Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

2. АМАНДЫҚТЫҢ НЕГІЗІ

18. Білім алуға қанша уақыт кетірдіңіз, яғни барлық білім беру мекемелерін алғанда (мектеп, колледж, университет, жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру)?

1. *(ЖАЗЫҢЫЗ)* _____
 97. Жауаптан бас тарту

19. Төменде көрсетілген тілдермен қаншалықты сөйлейсіз? (ӘРБІР ЖОЛҒА БІР ЖАУАПТАН БЕРІҢІЗ)

Тілдер	Мүлдем білмеймін	Бірнеше сөз және сөз тіркестерін білемін	Түсінемін, қиын әңгімеге қатыса аламын	Еркін сөйлей аламын, оқимын және жазамын
1. Қазақ тілі	1	2	3	4
2. Орыс тілі	1	2	3	4
3. Ағылшын тілі	1	2	3	4

20. Сізде ұялы телефон бар ма? (БІР ЖАУАП)

2. Ия
 3. Жоқ

21. Қандай құрылғылардан Сіз жиі желіге қосыласыз? (БІР ЖАУАП)

1. Ұялы телефон
 2. Тұрақты компьютер немесе ноутбук
